	Сары көзін ашканда, Қарап қалма аспанға Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін, жасқанба!	
Сабақтың соңы 2 мин	Рефлекция « Аяқталмаған сөйлем» әдісі Сабақ соңында оқушылар өз ойларын стикерлерге жазады: - Мен бүгін .....білдім - Маған .... қызықты болды - Маған....қиын болды 	**«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.



Тақырыбы: Жол жүру белгілері және олардың қолданысы		Мектеп: Мұғалімнің есімі: СЫНЫП:
Күні:	**Қатысқандар саны:**	**Қатыспағандар:**
Сабақ мақсаттары	Оқушыларды жол ережесімен таныстыра отырып, жол қауіпсіздігін сақтаудың адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру. Тәртіпке, сақ болуға, көшеде өздерін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу.	
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Ресурстар	Суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт	**Сабақ барысы**	**Ресурстар**
Басталуы 3минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1)Оқушылармен сәлемдесу. 2)Оқушыларды түгелдеу. 3)Оқушылардың сабакка дайындығын тексеру. 4) Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру. «Комплимент» әдісі арқылы жағымды ахуал туғызу Бір-біріне есімдерінің бас әріптерінен басталатын комплименттер айтады. Топқа парта бойынша бөлу: I топ **«Бағдаршам»** II топ **«Жүргізуші»** III топ **«Аялдама»** **Қызығушылықты ояту.** www.bilimland.kz порталындағы «Видеожинак» ресурсы («Сынып сағаты тақырыптары» бөлімі) арқылы оқушыларға бейнебаян көрсету. **Мұғалім:** - Құрметті оқушылар, бейнебаяннан көргеніміздей бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы кандай деп ойлайсыздар? Неліктен мен сіздерге қызыл, сары, жасыл жетондар арқылы топқа бөлдім. Бұның сыры неде? - Дұрыс айтасыздар, жолда жүру ережесі, бағдаршамның адам өміріндегі маңызы туралы болмак. Сабағымыздың басты мақсаты егемендігі мен елдігі орнаған осындай Қазакстан атты бейбіт өлкемізде сәбилердің қуанышты күлкісі мен аналарымыздың әсем жүзі бақытқа толы болса дейміз, ол үшін әр азамат өмір қауіпсіздігін сақтап, жол тәртібін білу керек	Суреттер, слайд Бағалау

Ортасы 20 минут	**1-тапсырма.** Сұрақ қою айдары **1-сұрақ:** - Әр бір аймақтың өмірі көлікпен тығыз байланысты. Сондықтан жолда жүру тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін білулерін керек. Әрбір жаяу жүргінші, әр бала жол бойында аса сабырлылықпен аспай-саспай жүріп тұруға тиіс. Сол себепті сіздерге қояр бірнеше сұрағым бар. Бірінші, жаяу жүргіншілер қандай жерлермен жүреді? **Жауап:** Жаяу жүргіншілер жиек жолмен жүруге тиіс. Ал жол үсті тек көліктің жүруіне арналған. Жаяу жүргіншілер жиек жолдың тек оң жағымен жүреді, сонда қарсы келе жатқан адамдарға бөгет жасамайтын болады. **2-сұрақ:** - Топталып келе жатқан жүргіншілер жол бойымен қалай жүруі керек? **Жауап:** Бір топ жаяу жүргінші тек жиек жолмен немесе келе жатқан көлікке қарсы бағытта жолдың сол жақ жиегімен екі қатардан аспай жүру керек. Олар жолды кесіп өтпек болса, екі көшенің немесе жолдың қиылысқан тұсына тоқтау керек. Негізінен жол тәртібін сақтап, жаяу жүргіншіге арналған жолмен немесе бағдаршамнан өтуі керек. **3-сұрақ:** - Жол өткелінен жүгіріп өтуге бола ма? **Жауап:** Жүгіріп келе жатқан адам айналасын бағдарлай алмай қалады және қарсы келіп қалған көлікті байқағанмен, сасқалақтап жарақаттануы мүмкін. Сондықтан әр кез сақ болып, асықпай жүрген абзал. **4-сұрақ:** - Көліктің оңға бұрылатынын қалай білуге болады? **Жауап:** Оңға бұрылатын көлік жолдың оң жағындағы бірінші қатарда тұрады және оң жақ бұрылысты білдіретін жарығын жағады. **5-сұрақ:** - Аялдамаға тоқтаған автобустың қай жағынан өту керек? **Жауап:** Аялдамаға тоқтаған автобустың алдынан да, артынан да өтуге болмайды. Сол айналада жол өткелі болуға тиіс, содан өту керек. **6-сұрақ:** - Жол үстінде топталып жүрудің қауіптілігі неде? **Жауап:** Топталып келе жатқан балалар өзара әңгімеге айналып, жолда жүру ережесін ұмытып кетуі мүмкін. Сондықтан жол өткелдерінде әңгімені қойып, барлық зейінді жол қауіпсіздігіне аудару керек.	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.

	2-тапсырма. «Жол белгілері». Оқушыларға жол белгілері көрсетіледі. Оқушылар жауап береді 1 (қозғалысқа тыйым салынады) 2 (балалар өтпесі) 3 (тыйым салу белгісі) 4 (сақтандыру, ескерту белгісі) 5 (жаяу жүргіншілер белгісі) 6 (міндеттеу белгісі) 7 (жол жұмыстары) 8 (аялдама белгісі) 9 (Велосипедпен жүру жолы) 10 (аялдамасыз қозғалуға тыйым салады)	
Аяқталуы 10 минут	**Мұғалім:** «Шуақты өміріміз күндей күліп, Жүректе бүршік атып гүлдейді үміт, Арманға сапар тарту мүмкін емес Жол жүру ережесін білмей тұрып. Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да, Жол жүру ережесі – заңды тәртіп, Ол ортақ үлкен-кіші, баршаңызға» – дей келе бүгінгі кешімізді аяқтаймыз. **Хормен:** Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік. Қазақ атты елімде, Бақытты өмір сүрейік!	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан топты басқа топ оқушылары бағалайды.
Сабақтың соңы 2 мин	Рефлекция « Аяқталмаған сөйлем» әдісі Сабақ соңында оқушылар өз ойларын стикерлерге жазады: - Мен бүгін .....білдім - Маған .... қызықты болды - Маған....киын болды Оқытушы	**«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабакка деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.


Moldir





ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ

Олар 4 топқа бөлінеді:

Ескертуші белгілер *(алдағы қауіп туралы ақпарат береді)*





Тыйым салушы белгілер *(белгілерде көрсетілген бейнелердің жүруіне тыйым салады)*

Сілтеуші белгілер *(адамға қажетті нысанның қайда екенін көрсетеді)*






ЖШС Жалын-2021 зияткерлік білім беру мектебі.

Бекітілді.
Мектеп директоры:
Қойайдаров Е.С._____
Тексерілді:
Хидирова Г.Б._____

6-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережелері (қайталау).	1
2.	қазан	Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.	1
4.	желтоқсан	Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.	1
5.	қаңтар	Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.	1
6.	ақпан	Жол қозғалысының қауіпсіздігі.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері.	1
8.	сәуір	жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қақпан".	1
9.	сәуір	Жол-көлік оқиғаларына әкеп соктыратын жол жағдайларын зерттеу .	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		10

Тақырыбы: ЖЖЕ қорытынды сабақ	Мектеп: Жалын-2021 Мұғалімнің есімі: Сейітжан Айзада СЫНЫП: 6Г
Сабақ мақсаттары	Көшеде жүру тәртібін және көше қатынас ережелерін қайталау. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу. Өз бетімен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.Сөздік корларын байыту.
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы	Ресурстар
Басталуы 3минут	Ұйымдастыру кезені: 1)Оқушылармен сәлемдесу. 2)Оқушыларды түгелдеу. 3)Оқушылардың сабакка дайындығын тексеру. 4) Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру. «Комплимент» әдісі аркылы жағымды ахуал туғызу Бір-біріне есімдерінің бас әріптерінен басталатын комплименттер айтады. Топка парта бойынша бөлу: I топ **«Бағдаршам»** II топ **«Жүргізуші»** III топ **«Аялдама»**	Суреттер, слайд Бағалау
Ортасы 20 минут	Мұғалім түсіндірмесі: Бағдаршам - өмірімізді жазымнан сактандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек. Біздің ауылымызда, сол сиякты біздің еліміздің баска да кала, ауылдарында бәріне ортак көше катынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлык көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. Балалар, сенднр көшеде жүру ережесін білесіндер ме екен, көрейік. **1-тапсырма.** Сұрай айдары	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп талкылауға белсенділікпен катысқан оқушыны «Жарайсын!» деген мадактау сөзімен ынталандыру.

	1. Көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек? - Әр оқушы көшеде жүру тәртібін өте жақсы білуі керек. Көшеде жүре білу машина астына түсуден, апаттан сақтайды. 2.Жиекжол дегеніміз не? - Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол. 3.Жаяу адамға қай жермен жүруге рұқсат етілмейді? - Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді. 4.Көшеде жүру тәртібін кім басқарады? - Көшеде жүру тәртібін бағдаршам басқарады. 5.Көше қиылыстарында қай жерлерден өтуге болады? - Көшенің екінші көшемен қиылыскан жерінде немесе «Өтетін жер» деп жазылған тұста немесе асфальтта көлдененіне сызылған жалпақ ақ жолактары бар жерінде және бет алдындағы бағдаршамның жасыл жарығы жанған кезде өтуге болады. 6.Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз? - Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса, көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз.Көшенің орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз.Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орында күте тұрамыз. 7.Ал жиекжолда қалай жүру керек? - Жиекжолдың оң жағымен жүру керек, сол жағымен жүруге болмайды. 8.Жиекжолдан тағы қалай жүруге рұқсат етілмейді? - Төрт-бес адам қатар жүруге болмайды **2-тапсырма.** Жұмбақ 1.Бір тұлпар су ішпейді, жем жемейді, Есіркеп ешбір адам жемдемейді. Жүк емес жануарға жүз адам да, Доғасын сымына сүйреп, жол жөндейді. (Трамвай) 2.Арқаным тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім. (Жол) 3.Қозғалмасаң құлайды, Сүйемесең сұлайды. Құйымшақты ері бар, Бұл не деген жануар? (Велосипед) 4. Бұйырмапты бас та, ауыз да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)	
Аяқталуы 10 минут	- Көшеде жүру тәртібін кім басқарады? Бір оқушы көшеде жүру тәртібін көрсететін бағдаршам суретін көрсетеді. - (Бағдаршамның қызыл отын көрсетіп) Бағдаршамның қызыл оты жанғанда жүргіншіге де, көліктерге де тоқтап тұру керек. Сары шам бағдаршам отының ауысуын көрсетеді.Бұдан да жүруге болмайды. Сарыдан кейін жасыл жарық жанғанда жол ашық, жүруге	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатыскан топты баска топ

	болады. - Көреген дәу қырағы, Көшемізде тұрады. Ол бергенде команда, Бағынамыз әмәнда! Ашса кезек үш көзін, Айтты деп ұқ үш сөзін. Токта! Сақтан! Жол ашық! Жүрме жолға таласып. Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға! Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға! Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін, жасқанба! Бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады. корытындылау	оқушылары бағалайды.
Сабақтың соңы 2 мин	Рефлекция « Аяқталмаған сөйлем» әдісі Сабақ соңында оқушылар өз ойларын стикерлерге жазады: - Мен бүгін .....білдім - Маған .... қызықты болды - Маған....қиын болды 	**«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.** Мұғалім сабақты корытындылау максатында оқушылардың сабакка деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.

«Жалын-2021» зияткерлік білім беру мектебі

Тексерілді
ДТІЖО
Хидирова Г.Б

Көлік құралдарының нөмірлік,тану белгілері мен жазбалары

Сынып: 6«Г»
Сынып жетекшісі: Сейітжан Айзада

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары	Мектеп: Жалын-2021 Мұғалімнің есімі: Сейітжан Айзада СЫНЫП: 6Г

Күні:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар:

Сабақ мақсаттары	Жаңа тіркеу номерлерін ұғыну, талдау
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы	Ресурстар
Басталуы 3минут	**Ұйымдастыру кезеңі:** 1)Оқушылармен сәлемдесу. 2)Оқушыларды түгелдеу. 3)Оқушылардың сабакка дайындығын тексеру. 4) Сабактың тақырыбы, оқу максаты және бағалау критерийлерімен таныстыру. «Комплимент» әдісі арқылы жағымды ахуал туғызу Бір-біріне есімдерінің бас әріптерінен басталатын комплименттер айтады. Топка парта бойынша бөлу: **I топ «Бағдаршам»** **II топ «Жүргізуші»** **III топ «Белгі»** Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің үлгісі 1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері 01 KZ 05 KZ KZ 015 AV KZ 015 ADM 1-үлгі – Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы көлік құралдарының алдыңғы және артқы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері. 1-1. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің сипаттамасы Мемлекеттік тудың үлгісі бар 1-Үлгі үшін нөмірлік белгілер фоны (артқы түсі) – ақ түсті, символдары (сандары, әріптері)- кара түсті. 2. Жеке және заңды тұлғалардың көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері KZ 389 BK 01 – өңірдің (облыстың) сандық коды	Суреттер, слайд Бағалау

	3С-үлгі – ішкі істер органдарының мотокөлік құралдары үшін. KZ 26 SK	
Ортасы 20 минут	6 Атырау облысы 06 7 Батыс Қазақстан облысы 07 8 Жамбыл облысы 08 9 Қарағанды облысы 09 10 Қостанай облысы 10 11 Қызылорда облысы 11 12 Маңғыстау облысы 12 13 Оңтүстік Қазақстан облысы 13 14 Павлодар облысы 14 15 Солтүстік Қазақстан облысы 15 16 Шығыс Қазақстан облысы 16 **1-тапсырма.** Оқушыларға кесте ұсынылады, оқушылар кодты табуға тырысады **2-тапсырма.Сұрақ айдары** - Нөмір белгілері неге қажет? - Нөмір машиналардың қай жеріне ілінеді? - Көшеден өтудің қауіптілігін қалай түсіндіре аласыңдар?	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.

р/с	Өңірдің атауы	код
1	Астана қаласы	01
2	Алматы қаласы	02
3	Ақмола облысы	03
4	Ақтөбе облысы	04
5	Алматы облысы	05

Аяқталуы 10 минут	Оқушылар білімдерін салыстыра бағалау, мадақтау Бүгінгі сабағымыз ұнады ма сендерге балалар? Біз бүгін не үйрендік, не білдік?	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан топты баска топ оқушылары бағалайды.
Сабақтың соңы 2 мин	Рефлекция « Аякталмаған сөйлем» әдісі Сабақ соңында оқушылар өз ойларын стикерлерге жазады: - Мен бүгін .....білдім	**«Аякталмаған сөйлем» әдісі.**

1-үлгі – заңды тұлғалардың жеңіл автомобильдерінің алдынғы және арткы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері, заңды тұлғаларға тиесілі жүк автомобильдері мен автобустарының алдынғы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі.

1А үлгісі – жеке тұлғалардың жеңіл автомобильдерінің алдынғы және арткы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері, жеке тұлғаларға тиесілі жүк автомобильдері мен автобустарының алдынғы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі.



2-үлгі – заңды тұлғаларға тиесілі жүк автомобильдері мен автобустарының, сондай-ақ заңды тұлғалардың бекіту орны 1-үлгідегі мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің габариттеріне сәйкес келмейтін жеңіл автомобильдер үшін арткы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі.



2А-үлгі – жеке тұлғаларға тиесілі жүк автомобильдері мен автобустары, сондай-ақ жеке тұлғалардың бекіту орны 1-үлгідегі нөмірлік белгідегі габариттерге сәйкес келмейтін жеңіл автомобильдері үшін артқы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі.



3-үлгі – мотокөлік құралдары (мотоциклдер, мотороллерлер) үшін.

5-үлгі – көлік құралдарының тіркемелері мен жартылай тіркемелері үшін.



7-үлгі – жол қозғалысына қатысуға рұқсат етілген көлік құралдары үшін.

1С-үлгі – жеңіл автомобильдер үшін алдыңғы және арткы және ішкі істер органдарының жүк автомобильдері үшін алдынғы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері.

2С-үлгі – бекіту орны 1С-үлгідегі мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің габариттеріне сәйкес келмейтін, ішкі істер органдарының жеңіл және жүк автомобильдері үшін арткы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі.

	- Маған .... қызықты болды - Маған....қиын болды 	Мұғалім сабакты корытындылау мақсатында оқушылардын сабакка деген көзкарасын, рефлексиясын тыңдайды.

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

8-сынып

№ рс	Айлар	Такырыптын атауы	Сағат
1.	қыркүйек	Жол жүру ережесінің пайда болу. Жол белгілерінің халықаралық тілі.	1
2.	казан	Қозғалысты реттеу нысандары.	1
3.	караша	Жол белгілері.	1
4.	желтоқсан	Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі.	1
5.	қаңтар	Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесу.	1
6.	ақпан	Жол қиылысынан өту және жаяу жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары.	1
7.	наурыз	Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамарға берілетін алғашқы медициналық көмек.	1
8.	сәуір	Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыккан кездегі алғашқы медициналық көмек.	1
9.	сәуір	Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
		Барлығы:	10

Тәрбие сағаты бойынша қыска мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесу.	
Күні	24. 01.25ж	
Сынып жетекші:	Керимбекова Д.	
Сынып 8 «А»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың мақсаты:	Жолда жүру ережесін сақтауға, оқушыларға жол белгілерін білу не ушін кажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау кабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу. Көрнекілігі: бағдаршам, жол белгілері, жол белгілерінің суреттері..	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уакыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3мин)	Оқушыларды түгендеу амандасу *Оқушылар тілектерін айтады*		
Сабақ басы (12 мин)	Біздің қаламызда әр түрлі көліктер жылдан - жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол - көлік оқиғаларының қауіпі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұхият болуы кажет. Бағдаршам – өмірімізді жазымнан сактандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек.) Мұғалім: Бағдаршам – өмірімізді апаттан сактандыратын көмекшіміз, оның сырын біліп, тілін алу баршамыздың міндетіміз. Бағдаршам жок көшелерден өтетін кезде, көшеден өте бере әуелі сол жакка караймыз. Көшенін орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жактан машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орында күте тұрамыз. Бағдаршам жол қозғалысына катысушыларға өз жарығымен бағыт сілтейді. Балалар бүгін бізге конакка бағдаршам келіпті, бағдаршамның сендерге әкелген тапсырмалары бар екен.	*Тыңдайды* 1 - оқушы: Сапар шексек сіз бен біз, Сан көлікке мінеміз. Троллейбус, трамвай, Автобуспен жүреміз. 2 - оқушы: Көлік, көлік, көлік. Көліктерге мінеміз. Көшелермен, көшелермен Күнде тынбай жүреміз. 3 - оқушы: Тәртіп бұзсак абайсыз, Жағдай туар колайсыз. МАИ кызметкерлерінен Сан кешірім сұраймыз. 4 - оқушы: Жол жүрудің тәртібін Ережесін білеміз. Сактанғанда катерден Сау – саламат жүреміз. 5 - оқушы: Үш түсті түрі бар. Жөн сілтер тілі бар. Бағдаршам дегеннің Сырын жаксы біліп ал	Үлестірмелі

Ортасы (25 мин)	Бағдаршам: Сәлеметсіндер ме, балалар? Балалар: Сәлеметсіз бе, құрметті бағдаршам? Бағдаршам. Балалар, мен бүгін сендерге сұрактар, ойын, сөзжұмбак әкелдім. Енді ойнымызды бастайық. Мұғалім: Бағдаршам ойынының шарты. Таякшаларды алғаннан кейін оқушылар үш жерге топталып тура калады. бағдаршам белгілерді көтереді: - тұр. Қызыл көзін ашканда Сынык сүйем баспа алға. Сары көзін ашканда Қарап калма аспанға. Жасыл көзін ашканда Өте бергін жасканба. Мен сендердің білімдерінді сынамак үшін сұрактар ала келдім. Көрініс: Үш оқушы бағдаршам болып тұрады. Бір оқушы мектептен шығып жолдан калай өту керектігін көрсетеді. Қызыл: Тоқтап тұрады. Сары: Дайындалады. Жасыл жанғанда: Жолдан өтеді Ән: Бағдаршам: Қай көше, кай калага барсаңыз да, Кай акыл өлшеміне салсаңыз да, Жолда жүру ережесі - заңды тәртіп, Ол ортак үлкен - кіші баршамызға. Басталар әр каламын аттауменен, Жолда жүру ережесін сактауменен.	6 - оқушы: Қызыл көз жанарда Тоқтай кал әманда Сары түс ескерту, Дайын бол табанда. 7 - оқушы. Жасыл көз жарасты, Алдыннан жол ашты. Өте бер асыкпай Жолынмен карасты. 8 - оқушы: Ештеңе жок алаңдар. Өте берер адамдар. Жол шетінде тұратын, Жол белгіге карандар! 9 - оқушы: Жарасып - ак кетер ек, Машиналар өте көп. Жолдан өтем асыкпай, Велосипед жетелеп. Мұғалім: Балалар, мен сендерге мынадай жұмбак жасырайын, шешуін тауып көріндерші. Аяғы жок жүрмейді, Аузы жок сөйлейді. (бағдаршам	
Соңы 5мин	Ал балалар біз бүгін не үйрендік, немен таныстык? - Жолда жүру ережелерімен, бағдаршаммен. - Бағдаршамның бізге пайдасы бар ма? - Бар, ол бізді жол апатынан сактауға көмектеседі. - Бағдаршамның тілін алуымыз керек пе? - Тілін алуымыз керек. «Еркін микрофон» әдісі (бір оқушы шығып баскаларына сұрак кояды): 1. Бүгінгі сабак саған ұнады ма? Несімен? 2. Бүгінгі сабакта нені білдің? 3. Бүгінгі сабакка катыспағанда кайтер едін, елестетіп көрші? 4. Бүгінгі сабактан алған әсеріңмен бөліс?		*презентация*

Тақырыбы: 9 Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буыны шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережел	**Мұғалімнің есімі:** Керимбекова Д. **Сынып:** 8

Күні: 12.04.25ж	**Қатысқандар саны:10**	**Қатыспағандар:**

Сабақ мақсаттары	Оқушыларға алғашқы медициналық көмек, асептика және антисептика туралы түсінік беру.
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Суреттер, топқа бөлуге арналған кесіп қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт	**Сабақ барысы**	Ресурстар
Басталуы 3минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1)Оқушылармен сәлемдесу. 2)Оқушыларды түгелдеу. 3)Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. 4) Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру. «Комплимент» әдісі арқылы жағымды ахуал туғызу Бір-біріне есімдерінің бас әріптерінен басталатын комплименттер айтады. Топқа парта бойынша бөлу: I топ II топ III топ	Суреттер, слайд Бағалау
Ортасы 20 минут	Жаракаттар – оұл адам ұлпалары мен органдарының зақымдануы, сырткы себептерден аяқ-қолдың сынуы мен буынның шығуынан, жұмсақ ұлпаның жарақаттануы мен дененің сыдырылуынан, органдардың зақымдануынан және көптеген басқа жәйттердің әсерінен ұлпалар мен органдар тұтастығы мен қызметінің бұзылуы. Алғашқы көмек дегеніміз – зардап шеккен адамның жаракатын асқындырмай, оған әртүрлі медициналық көмек шараларын дұрыс көрсетіп,оның өмірін сақтап қалуға бағытталған іс-әрекет. Сондықтан да жаракаттанған адамның өмірі мен патологиялық процестердің одан арғы салдары көбінесе апат болған жердегі алғашқы көмектің көрсетілген уақыты мен оның сапасына тығыз байланысты. Жаракаттану мынадай түрлерге бөлінеді: 1. Өндірісте (өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында)	Қалыптастырушы бағалау: Ә[illegible] ойын [illegible] мағынада білдіріп талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушы «Жарайсың!» деген мақақтау сөзімен ынталандыру.

	жаракаттану; 2. Көлікте (автомобиль, темір жол, су көлігі, әуе көлігі) жаракаттану; 3. Көшеде жаракаттану (адамдардың көшеде құлап қалуынан, құлаған заттардың соғуынан, т. б. закымдану); 4. Әскери қызметшілердің соғыс кезіндегі және бейбіт кездегі жаракаттары болып табылатын әскери жаракаттану; 5. Спортпен айналыскан кездегі спорт жаракаттары. Алғашкы көмек көрсету түрлері Күю - жоғары температура ыкпалынан (термиялық күйіктер), кышкыл және сілті (химиялық күйіктер), электр тоғы, иондалушы сәулелену салдарынан болады. Термиялық күйіктер. Үш түрде ажыратылады: жеңіл, орташа және ауыр. Күйіктің жеңіл түрінде күйіп калған тері кызарады, катты ауырады. Ауыр түрдегі күйікте тері күлдірейді, беті кызарады және күлдіреген теріде ак бөліктер пайда болуы мүмкін. Кең көлемді күйіктерде адам естен танып, күйзелісте болғанда аурудан катты сенделеді, кашуға тырысады, орнын және жағдайды бағдарлай алмайды. Абыржу тежелумен, көңілсіздікпен алмасады. Ыстык ауамен, бумен, түтінмен дем алу тыныс алу жолдарының күюіне, көмейдің ісінуіне, дем алудың оқзылуына әкеп соғады. Ьұл гипоксияға әкеледі (организмдегі клеткалар тобына оттегінің жетіспеуі). Күн өту - күн көзінің бастан өтіп кетуі нәтижесіндегі организмнің ауыр сыркаулы күйі. Зардап шегушіде жүрек айнушылык, локсу, мұрыннан кан кету, көзінің көруі бұзылуы мүмкін, тыныс алу және тамырдың жиі соғуы, ессіз калыптағы жағдайдағы окиғалар да байкалады, тыныс алу және жүрек кызметінің токтауы байкалады. Алғашкы жәрдем. Зардап шегушіні салкын болмеге немесе көленкеге әкеліп, үстіндегі киімдерін шешіп, жүрек аумағына және басына суык басып, молырак тұзды сусын беру кажет. Ауыр түрінде колдан дем алдыруға және жүрекке массаж жасауға кірісу керек. Кажеттілік болса зардап шегушіні емдеу мекемесіне жеткізу кажет. Суға кету - тыныс алу жолдары сұйыктыкка немесе сұйыктык массасына толады. Суға кету белгілері аузынан көбік ату, тыныс алу және жүрек кызметінің токтауы, тері бетінің көгеруі, карашыктың ұлғаюы болып табылады. Алғашкы жәрдем. Ауыз куыстарын тазалау, зардап шегушіні ішімен құткарушының санына жаткызу керек, зардап шегушінің басы жерге салбырап тұру үшін, жігермен аркасы мен кеудесінен басып, өкпе мен асказандағы суды шығару кажет, колдан дем алдыруға кірсу керек (зардап шегушіні	

Сынық кезіндегі алғашқы медициналық көмек

Сынық дегеніміз – жаракат алу барысында пайда болатын сүйек тұтастығының бұзылуы. Бұл жағдайда – шұғыл медициналық көмек көрсету ережелерін білу өте маңызды. Травматикалық сыныктар көбінесе құлау немесе соккы алу әсерінен туындайды. Олар ашық және жабық болып бөлінеді.

Ашық сынык кезінде тері кабаты закымдалып, жаракаттанған аймак ашык ашык көрінеді. Көп жагдайда арнайы білімдері жок окига куәгерлері, зардап шегушіге дәрігерге дейінгі көмек көрсету барысында өрескел кателіктер жасап жатады. Бұндай әрекеттер наукастың жаракатын одан сайын аскындыруы мүмкін. Сынық белгілері: козғалыс немесе жүктеме кезіндегі катты ауырсыну. Аяк-қолдың пішіні мен ұзындығының өзгеруі. Аяк-кол функциясының бұзылуы, жаракат алған жерде ісіну мен канталаудың пайда болуы. Ашык сынык абайлап, жаракаттанған жерді козғалтпай, канды токтатыңыз, жараны антисептикалык ерітіндімен емдеп, таза танғыш салыңыз, егер жакын жерде жактау (шина) болмаса, кез-келген екі катты затты тауып, жаракат алған жердің екі жағынан койып, бинтпен байлап тастаңыз, медициналык топ келгенше, жәбірленушінің тыныштығын камтамасыз етіңіз. Жабык сынык- алдымен жәбірленушіні кимылсыздандырып, ауырсынуды басуға тырысыңыз, жаракаттанған аймакка суык басыңыз, наукаска ыстык шай немесе ауырсынуды басатын дәрі беріңіз. Егер жәбірленушіні ауруханаға өзіңіз тасымалдайтын болсаңыз, сынған жерге жактау салуыңыз керек. Бұл үшін колда бар материалдарды (тактай, шаңғы,таяк) пайдалануға болады. Тыйым салынатын әрекеттер: закымдалған аяк-колды түзетуге тырыспаңыз. Сүйек сынықтарын жарадан алып шыкпаңыз, жәбірленушіні козғалтпаңыз. Жарага спирт, йод және т.б. ауырсыну шокын тудыртатын заттарды құймаңыз.





Алғашқы көмек-закымдану, жазатайым окиғалар және кенеттен ауыру кезінде зардап шеккендердің өмірі мен денсаулығын сактау үшін аткарылатын кажетті карапайымәрі шұғыл шаралар. Мұндай шара дәрігер келгенге дейін немесе зардап шеккен адамды аурухапага жеткізгенге дейін окига орнында аткарылады.

Алғашқы көмек - соккы, кан кету, инфекцияның дамуы, сүйек сыныктарының тасуы немесе козғалуы және үлкен жүйке тамырлары мен кан тамырларының жаракаты сиякты аскынулардың алдын алады.

Зардап шеккен адамның денсаулығының одан әрі карайғы жай-күйі тіпті оның өмірі көбінесе алғашқы медициналық көмектің дерк езінде жүргізілуі мен сапасына байланысты екенін есте ұстаган жөн. Алғашқы көмек өте маңызды, бірак зардап шеккен адамға үшін ешкашан білікті (мамандандырылған) медициналық көмекті алмастырал алмасы анык. Сіз жәбірленушіге тек алғашқы көмек көрсеткеніңіз жөн. Ал одан әрі емдеу бұл маман дәрігерге жүктелетін міндет.

Жедел жағдайлар – ауылдық жерлерде жиі кездесетін және халықтың өміріне тікелей қауіп төндіретін жағдайлар. Қан кету, жаракат және күйік – уақытылы көрсетілген алғашқы көмек арқылы асқынудан сақтауға болатын патологиялар. Әсіресе, фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) мейірбикелері алғашқы көмек көрсетуде негізгі рөл атқарады. Сондықтан жедел жағдайларда дұрыс және жүйелі әрекет ету ауыл тұрғындарының өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Қан кету кезіндегі алғашқы көмек

Қан кету – ең қауіпті жағдайлардың бірі. Ол сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Артериялық қан кету – ашық қызыл түсті қан ағынымен сипатталады, өмірге қауіпті.

Жарадан жоғары жерге жгут салу;

Қан ағуын уақытша тоқтату үшін жараға қысым таңғыш қою;

Науқасты тыныштандырып, тез арада медициналық мекемеге жеткізу.

Веноздық қан кету – қою қызыл түсті, біркалыпты ағады.

Жараға таза таңғыш басу;

Қан аққан аймақты жүрек деңгейінен жоғары көтеру.

Капиллярлық қан кету – аз мөлшерлі, өздігінен тоқтауы мүмкін.

Жараны антисептикпен өңдеп, стерильді таңғыш салу жеткілікті.

Жарақат кезіндегі алғашқы көмек

Жарақаттар – тұрмыстық, өндірістік немесе жол-көлік оқиғаларында жиі кездеседі.

Жараны таза матамен немесе стерильді дәкемен жабу;

Шеткі бөгде заттарды (құм, топырақ) жұмсақ түрде тазарту, бірақ терең кірген бөгде затты алмай, дәрігерге жеткізу;

Ауырсынуды азайту үшін суық басу;

Инфекцияның алдын алу үшін жараны йод, сутегі тотығы сияқты антисептикпен өңдеу.

Күйік кезіндегі алғашқы көмек

Күйік – терінің және жұмсақ тіндердің ыстық заттармен, сұйықтықпен, химиялық немесе электр әсерінен зақымдануы.

Жеңіл күйік (I–II дәрежелі).

Зақымданған аймақты салқын сумен 10–15 минут жуу;

Құрғақ стерильді таңғыш салу;

Май, крем, халықтық емдерді қолданбау.

Ауыр күйік (III–IV дәрежелі).

Науқасты тез арада медициналық көмекке жеткізу;

Күйген аймаққа стерильді, құрғақ таңғыш қою;

Ауыз арқылы сұйықтық беріп, сусыздануды алдын алу.

Қорытынды

Жедел жағдайларда – қан кету, жарақат және күйік кезінде – алғашқы минуттарда көрсетілген көмек наукастың өмірін сақтап қалуы мүмкін. ФАП мейірбикелерінің міндеті – дұрыс алгоритмді сақтай отырып, тұрғындарға алғашқы көмек көрсету және наукасты дер кезінде медициналық мекемеге жеткізу.

Жедел жағдайдағы алғашқы әрекеттер:
ҚАН КЕТУ, ЖАРАҚАТ, КҮЙІК

Кан кету кезіндегі алғашқо көмек

Жарақат кезіндегі алғашқо көмек



Куйік кезіндегі алғашқо комек



«Жалын-2021» зияткерлік білім беру мектебінің 2024–2025 оқу жылында жол қозғалысы қауіпсіздігі бағытында атқарылған жұмыстардың талдауы

2024–2025 оқу жылы «Жалын-2021» зияткерлік білім беру мектебінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бағытында атқарылған жұмыстар оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, құқықтық мәдениетін арттыру, білім беру ұйымының қауіпсіздік инфрақұрылымын жақсарту және қауіпті жағдайлардың алдын алу мақсатында кешенді түрде ұйымдастырылды. Жылдық жұмыс ҚР Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік актілеріне, «Қауіпсіз мектеп» тұжырымдамасына, аудандық білім бөлімінің нұсқаулығына және мектептің стратегиялық тәрбие жоспарына сәйкес жүргізілді.

Ұйымдастыру-әдістемелік кезең және дайындық жұмысы

Жылдың басында жол қауіпсіздігі бағытында атқарылатын іс-шаралар құрылымдық түрде жоспарланып, қызметтік жауаптылар бекітілді:

Жұмыс тобының құрылуы

Мектеп басшысының бұйрығымен жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша жауапты топ қайта жасақталды:

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары — жетекші;
- мектеп инспекторы;
- әлеуметтік педагог;
- психолог;
- бастауыш буын үйлестірушісі;
- сынып жетекшілер кеңесі.

Стратегиялық жоспарлау

- «Қауіпсіз мектеп — қауіпсіз бала» жылдық жоспары жаңартылды;
- оқушыларды мектепке апаратын «Қауіпсіз маршрут» картасы жаңартылып, ата-аналарға таратылды;
- жаңа оқу жылының басталуына орай мектеп маңындағы жол белгілері мен жаяу жүргінші өткелдерінің жай-күйі тексерілді;
- бастауыш, негізгі және жоғары буынға арналған **дифференциалды профилактикалық бағдарлама** жасалды.

Оқу-тәрбиелік бағыттағы кешенді профилактикалық жұмыстар

2024–2025 оқу жылы ішінде жол қозғалысы ережелеріне байланысты **45-тен астам оқу-тәрбиелік іс-шара** өткізілді.

Сынып жетекшілері жұмысы

- Ай сайын әр сыныпта «Қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері», «Жол қиылыстарындағы қауіп», «Баланың басты міндеті – тәртіп сақтау» атты сабақтар өтті.
- Бастауыш сыныптарда «Жол әліппесі» айлығы өткізіліп, оқушылар интерактивті жаттығулар орындады.
- 1-сыныптарға арналған «Мектепке қауіпсіз келу» тренингі ұйымдастырылды.

Оқытуда АКТ және визуалды құралдарды қолдану

- Интерактивті видеосабактар, 3D жол модельдері, қауіпсіздік симуляторлары қолданылды.
- Оқушыларға арналған «Жол ережесін үйренеміз» атты цифрлық платформадағы бейнероликтер қарастырылды.

Пәндер интеграциясы

- Құқық негіздері пәнінде жолдағы құқықтық нормалар, жаяу жүргіншілердің міндеттері түсіндірілді.
- Дене шынықтыру сабактарында велосипедпен жүру қауіпсіздігі үйретілді.
- Өзін-өзі тану пәнінде қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті талданды.

Полиция инспекторымен және құқық қорғау органдарымен серіктестік жұмысы

Түсіндіру жұмыстары

- Полиция инспекторы ай сайын 5–9 сыныптармен кездесулер өткізіп, жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жүргізді.
- «Жол полициясы маманымен сұхбат» шарасында нақты жол-көлік жағдайлары талданды.
- Велосипед, самокат, электросамокат қолданатын оқушыларға арналған арнайы дәріс ұйымдастырылды.

Практикалық көрсетілімдер

- Патрульдік полиция бөлімшесі мектебімізге келіп, қызметтік автокөлікті таныстырды, жолдағы қауіпті жағдайларды модельдеді.
- Қауіпсіздік белдігін тағу, көлікке дұрыс отыру, көше қиылысынан өту техникасы көрсетілді.

Практикалық жаттығулар және қауіпсіз бағыттарды меңгерту

Практикалық шығулар

- Мектеп маңындағы қиылыстарда 3–7 сыныптармен қауіпсіз өту жаттығулары жүргізілді.
- «Жолдағы қатерлерді анықта» атты квест-бағдарлама арқылы оқушылар нақты қауіп факторларын анықтады.

Мектеп ауласындағы оқу алаңы

- Белгіленген жол сызықтарымен және шағын бағдаршам макетімен практикалық жаттығулар өткізілді.
- Бастауыш буын оқушылары үшін «Кішкентай инспектор» рөлдік ойыны ұйымдастырылды.

Ата-аналармен жұмыс

Жиналыстар және профилактикалық кеңестер

- Әр тоқсанда ата-аналар жиналысында жол қозғалысы ережелері бойынша арнайы бөлім қаралды.
- Ата-аналарға арналған жадынама, нұсқаулықтар таратылды.

Ата-аналық патруль қызметі

- Таңертеңгі уақытта мектеп маңында «Ата-ана патрулі» кезекшілік ұйымдастырылды.
- Бұл бастама нәтижесінде мектеп жанындағы қозғалыс тәртібі нығайды.

Ақпараттық-насихат жұмыстары

Мектеп ішіндегі көрнекіліктер

- Жол белгілері бұрышы жаңартылды;
- Қауіпсіздік стендтері толықтырылды;
- Оқушылардың сурет және плакат көрмесі ұйымдастырылды.

Әлеуметтік желідегі белсенділік

- Мектептің Factbook парақшасында 20+ ақпараттық пост жарияланды;
- «#ҚауіпсізЖол», «#БалаларҚауіпсіздігі» челлендждері өткізілді.

Мониторинг, диагностика және қорытынды нәтижелер

Жыл бойы қауіпсіздік бағытында жүргізілген жұмыстар арнайы мониторинг арқылы бағаланды.

Нәтижелер:

- Оқушылар арасында жол-көлік оқиғасы тіркелген жоқ.
- Жол ережесін білу деңгейі қыркүйек айындағы 72%-дан мамыр айында **88%-ға өсті**.
- «Қауіпсіз маршрутты білемін» сауалнамасында 1–6 сынып оқушыларының **93%-ы маршрутты дұрыс көрсетті**.
- Мектеп маңындағы реттелмеген тұстарда балалардың қауіпсіздігі 2023–2024 оқу жылымен салыстырғанда жоғарылады.
- Ата-аналардың жол қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілігі артты (мониторинг көрсеткіші – 76%).

Қорытынды

2024–2025 оқу жылында «Жалын-2021» зияткерлік білім беру мектебінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша атқарылған жұмыстар кешенді, жүйелі және нәтижеге бағытталды. Әдістемелік жұмыс, полициямен серіктестік, ата-аналармен байланыс, практикалық дайындықтар және ақпараттық жұмыстар оқушылардың қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдысының қалыптасуына үлкен ықпал етті.

ДТІЖО: Г.Хидирова